



## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Баланың сөйлеу жүйесін тұтастай дамыту және тәрбиелеу-білім беру процесіне жағдай жасау мақсатында логопед құзіреттілігіне ие, бәсекеге қабілетті мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлау

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

<b>Білім беру бағдарламасының түрі</b>	ағымдағы
<b>Білім беру бағдарламасының атауы</b>	6В01202-Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі және логопеді
<b>Білім беру саласы</b>	6В01-Педагогикалық ғылымдар
<b>Даярлау бағыты</b>	6В012-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы
<b>Білім беру бағдарламасының тобы</b>	В002-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
<b>Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы</b>	Білім беру бағдарламасы 6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
<b>БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні</b>	№ <u>6В01200055</u> <u>07.07.2022 ж.</u>
<b>ҰБТ пәндері</b>	1 пән - биология 2 пән - география
<b>ҰБШ бойынша деңгейі</b>	Бакалавриат, деңгей 6
<b>Берілетін дәреже</b>	6В01202-Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі және логопеді бойынша білім бакалавры
<b>Білім беру бағдарламасын аккредиттеу</b>	-
<b>Білім беру бағдарламасының рейтингі</b>	-
<b>Жалпы академиялық кредит саны</b>	240
<b>Оқу мерзімі</b>	4 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.



**Миссиясы:**

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

**Бағдарламалық мақсаты:**

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

**Құндылықтары:**

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

**Университет түлегінің атрибуттары:**

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту болып табылады. Мектепке дейінгі білім беруді бала өмірінің сәтті бастауы ретінде түсіну білім беруді, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамытуға бағытталған бірқатар мемлекеттік бастамаларды қабылдауға және жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Республикада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мектепке дейінгі білім беруге қол жетімділігін кеңейту жалғасуда және 2020-2025 жылдарға арналған БҒДМБ-ның басым бағыттарының бірі ретінде белгіленген.

Әрбір баланың өмірінің сәтті бастамасы ретінде ерте балалық шақтан мектепке дейінгі сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. Тұрақты даму шеңберінде 2030 жылға қарай географиясына, жынысына, отбасының әлеуметтік жағдайына, денсаулық ерекшеліктеріне және т.б. қарамастан барлық кіші жастағы балаларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың жоғары сапалы жүйелеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету басым міндеттері белгіленген.

Қазақстандық білім беруді жаңғырту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға бейімдеу стратегияларының тетіктерін әзірлеу мұндай адамдарға деген қоғамның көзқарасын және мемлекеттің қарым-қатынасын қайта қарау, өмірдің әртүрлі салаларында сонымен қатар білім беруде басқалармен тең мүмкіндіктер беру құқықтарын танумен байланысты заңды кезең болып табылады.



Білім беру саласындағы мемлекеттік саясат кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған. Балаға жақсы және қауіпсіз күтім көрсетуге, сонымен қатар оның жан-жақты дамуына жоғары білікті, әмбебап педагогикалық мамандар ғана қабілетті. Жоғарыда айтылғандарды және еңбек нарығының сұранысы мен білім сапасын, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуын ескере отырып, біз әзірлеп отырған 6B01202- «Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі және логопеді» білім беру бағдарламасы бакалаврлардың ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, ғылыми-зерттеу және білім беру іс-шараларын іске асыруға бағытталған базалық және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды көздейді.

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, АҚШ
Қосдипломды бағдарлама	Миссисипи алқабы мемлекеттік университеті, АҚШ
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	-

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

СКФУ Психология-педагогикалық факультеті «Мектепке дейінгі тәрбие және логопедия» – 40%, ТММУ Бастауыш, мектепке дейінгі және дефектологиялық білім беру факультеті «Мектепке дейінгі тәрбие. Логопедия» – 40%, В.М. Шукшин атындағы АМГПУ Мектепке дейінгі тәрбие және логопедия» - 40%.

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B01202-Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі және логопеді дайындық бағыты бойынша білім бакалавры - Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі және логопеді мынадай кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- білім беру (педагогикалық), түзету-педагогикалық;
- мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғасын тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісін басқару;
- диагностика, түзету, педагогикалық қызмет нәтижелерін болжау;
- мектепке дейінгі білім беру саласындағы озық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату.
- диагностикалық-консультациялық;
- зерттеу;

**Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:**

- мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші, логопед;
- мектепке дейінгі даму орталығында педагог, логопед;
- қосымша білім беру педагогы;
- мектепалды сынып мұғалімі, жалпы білім беретін мектептің логопеді;
- педагогикалық колледж оқытушысы;



- білім беруді басқару департаментінде және педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарында жетекші маман.

## 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

### 1 кәсіби құзыреттілік саласы

Білім беру, мәдени құндылықтар және оқыту теориясы саласындағы стратегиялық құжаттарды білу негізінде сапалы оқытудың педагогикалық тәсілдерін түсінеді.

### 2 кәсіби құзыреттілік саласы

Тәрбие-білім беру процесін жоспарлайды, барлық тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, қолайлы орта ұйымдастырады және оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

### 3 кәсіби құзыреттілік саласы

Өзінің кәсіби өсуін басқарады және тиімді педагогикалық қызмет үшін құзыреттіліктерін дамытады.

### 4 кәсіби құзыреттілік саласы

ҚР нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда сөйлеу тілінің бұзылысы бар балалардың тәрбие-білім беру процесін және дамытушы ортаны жобалайды және бағалайды.

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН2** - Кәсіби міндеттерді шешу үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН4** - Тайм-менеджмент негіздері мен тиімді жоспарлаудың заманауи әдістерін, кадрларды басқару мен мектепке дейінгі ұйымның даму стратегияларын қолданады.

**ОН5** - Сыни тұрғыдан ойлауды қолданады, жалпы және инклюзивті мектепке дейінгі білім мен тәрбие саласындағы өз қызметінің нәтижелерін болжайды.

**ОН6** - Мектепке дейінгі ұйымның әртүрлі жас топтарында ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тұлғалық-бағдарлы, кіріктірілген, денсаулық сақтау, инклюзивті оқыту негізінде тәрбие-білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

**ОН7** - Баланы ойын әрекеті арқылы тұтастай дамыту тұжырымдамасын түсінетіндігін көрсетеді, мамандармен қарым-қатынас жасай білетіндігін байқатады.

**ОН8** - Сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстары бар мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, дамыту және оқыту мәселелері бойынша ата-аналармен (заңды өкілдермен) әртүрлі ұйымдастырушылық нысандарда өзара іс-қимыл жасай отырып, жүйелі, мақсатты және кезеңді түрде логопедиялық көмекті ұйымдастырады.



**ОН9-** Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар сәби және мектепке дейінгі жастағы балалардың дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау міндеттерін шешу үшін баланың жеке даму үдерісінің үлгісін жасайды және құрайды.

**ОН10** - Мектепте табысты оқудың негізін салу үшін сөйлеу тілі қалыпты және түрлі бұзылыстары бар балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне талдау жасайды.

**ОН11-** Мектепке дейінгі білім берудің инновациялық тәжірибесін және еңбек тәжірибесін жетілдіру үшін зерттеу нәтижелерін пайдалана отырып логопедтің педагогикалық тәжірибесін бағалайды.

### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
<b>ТА1</b>		+	+		+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 2</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
<b>ТА 3</b>	+	+		+	+	+			+		+
<b>ТА 4</b>	+	+	+		+	+	+	+	+	+	
<b>ТА 5</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+		+
<b>ТА 6</b>	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+

#### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

**Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:**

1) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы

2) "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы

3) «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 бұйрығы

4) Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы

5) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы

6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 №422 бұйрығы



«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Педагогика және психология институты

7) Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚР Заңы



### **3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ**

#### **3.1 Кітапхана қоры**

**Білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі студенттердің оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, анықтамалық, көркем әдебиеттермен және мерзімді басылымдармен қамтамасыз етілуі болып табылады.**

6В012-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы ББ бойынша кітапхана қоры 2021 жылдың 1 мамырына 62520 дананы құрайды, оның ішінде мемлекеттік тілде - 48715 дана, орыс тілінде-13805 дана және шет тілдерінде-221 дана.

Университет кітапханасы білім алушылар мен ПОҚ-ға IPR books, Polpred, Alembook, Web of Science, Elsevier (Scopus) деректер базасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ҚР жоғары оқу орындарының электрондық білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханаға (РЖЭК) қол жеткізу қамтамасыз етілді.

Білім беру бағдарламасы негізінде студенттер төмендегідей ғылыми журналдармен қамтамасыз етіледі: «Қазақстандағы дефектология», «Логопед», "Бала мен балабақша", "Балдырған", "Балабақша: тәрбие және оқыту", "Мектепке дейінгі тәрбие", "Мектепке дейінгі оқыту", "Мектепке дейінгі білім" және т. б.

2010 жылдан бастап кітапхана ҚазҰҚПУ-дың студенттеріне дәстүрлі форматтағы (150-ден астам атау) магистрлік диссертациялардың мазмұнымен танысуға мүмкіндік береді, олардың жартысы бүгінгі таңда PDF-форматқа ауыстырылды. Сондай-ақ, студенттер 24/7 форматында әлемнің кез-келген нүктесінен компьютерден электрондық кітапханаға қол жеткізуді қамтамасыз ететін "Казноцженпу электрондық кітапханасы" қызметін пайдалана алады (сайт мекен-жайы: lib.kazmkpu.kz). электрондық кітапхана базасында студенттерге 10000-ға жуық толық мәтінді көздер, 1000-нан астам лицензияланған кітаптар, кітапхана қызметкерлері сканерлеген 6676 бірлік, ал 300-ге жуық кітап сирек қор көздеріне жатады.

#### **3.2 Кадрлық қамтамасыз ету**

Білім беру бағдарламасын мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасы жүзеге асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ сандық және сапалық көрсеткіштері (базалық және бейіндеуші цикл пәндері):

ПОҚ жалпы саны – 25 адам, оның ішінде:

Ғылым кандидаттары-8

Доктор Ph.D – 6

Магистрлер-11

Оп дәрежелілігі-56 %.

Кафедраның ПОҚ дәрежелілігі 56 % құрайды. Профессор - оқытушылар құрамы үнемі ізденіс жұмыстарымен айналысады, өз тәжірибесінде мектепке дейінгі білім беру саласында болып жатқан жаңалықтарды қолданады және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту Институтымен, Алматы қаласындағы арнайы және инклюзивті ғылыми-практикалық орталықпен белсенді ынтымақтасады.





### 3.3 Материалдық-техникалық база

ББ бакалаврларын негізгі даярлау Алматы, Гоголь көшесі, 161 мекен-жайы бойынша орналасқан үш қабатты әкімшілік-оқу ғимаратында орналасқан. Оқу процесі үшін пайдаланылатын оқу-зертханалық базаның жалпы ауданы 2245,9 шаршы метрді құрайды. (209, 210, 301, 304, 305, 306). Оқу корпусы еңбек құралдарымен және тиісті жабдықтармен жабдықталған: парталар, үстелдер; 5 интерактивті тақта, теле-бейне аппаратура бар. Оқу корпусы дайындық бағытындағы оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді.

#### Практика базалары:

№	Ұйымның (мекеменің) атауы	Келісім шарттың №, келісілген күні, айы, жылы
1	"№132 бөбекжай-балабақшасы " МКҚК, Алматы қ	№31, 23.11.2021
2	№90 бөбекжай-балабақшасы " МКҚК, Алматы қ.,	№ 23, 16. 11. 2020
3	Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №54 түзету бөбекжайы	№ 10, 10. 11. 2020
4	Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған № 66 түзету бөбекжайы	№11, 10. 11. 2020

### 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	іске асыру мерзімі	Жауаптылар
<b>Оқу-әдістемелік бағыт</b>			
1	Оқу бағдарламалары мен силлабустарды талаптарға сәйкес әзірлеу.	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
2	Жұмыс берушілермен, студенттермен талқылау бВ01202 ББ мазмұны – мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі және логопеді Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша– бВ01202 мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі және логопеді	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
<b>Ғылыми-зерттеу бағыты</b>			
1	Web of Science/ Scopus /ККСОН отандық, шетелдік және ресейлік		кафедраның ПОҚ





«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Педагогика және психология институты

	ұйымдармен индекстелген ғылыми мерзімді басылымдардағы жарияланымдар.		
<b>Тәрбие бағыты</b>			
1	Қазіргі жастар мен қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған стартап жобаларды әзірлеу	оқу жылы ішінде	Секенова А.С Нурбекова С.М. Исаева Л.Т.
2	Флеш-моб және акциялар өткізу	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
<b>Біліктілікті арттыру</b>			
1	Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мәселелері бойынша онлайн-семинарларға қатысу	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
2	ЖОО-да инновациялық технологияларды қолдану мәселесі бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту	оқу жылы ішінде	кафедраның ПОҚ
<b>Кәсіптік бағдар беру жұмысы</b>			
1	Кафедра оқытушыларының тәрбиешілерге, әдіскерлерге, мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған шеберлік сыныптарын өткізу	оқу жылы ішінде	Секенова А.С Нурбекова С.М. Исаева Л.Т. Иминова Ю.Б.
2	Жалпы білім беретін мектептермен және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс туралы шарттарды кеңейту	оқу жылы бойы	кафедраның ПОҚ